



## **Мемлекеттік Әнұранның шығу тарихы туралы не білеміз?**

Откізген:  
Жуанышбаева Т.О.  
5-11-сынып

«№8 ЖББМ» КММ

## **Мемлекеттік Әнұранның шығу тарихы туралы не білеміз?**

Елдің дыбыстық рәмізінің танымалдығын арттыру мақсатында 2006 жылы жаңа мемлекеттік гимн қабылданды. Оның негізі ретінде халықтың арасында кеңінен танымал «Менің Қазақстаным» патриоттық әні таңдал алынды. Ол әнді Шәмші Қалдаяқов 1956 жылы Жүмекен Нәжіменовтің сөзіне жазған болатын. Қазақстанның Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әнге мемлекеттік гимн жоғары мәртебесін беру және анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін музикалық туындының бастапқы мәтінін өндеді. Қазақстан Парламенті 2006 жылы 6 қантарда палаталардың бірлескен отырысында «Мемлекеттік рәміздер туралы» Жарлыққа тиісті түзету енгізіп, еліміздің жаңа мемлекеттік гимнін бекітті.

Жүмекен Нәжіменовтің «Менің Қазақстаным» өлеңіне жазылған Шәмші Қалдаяқовтың әні елу жылға жуық уақыт халық арасында кеңінен танымал туынды ретінде шырқалып келді. Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы және ән мәтініне енгізген өзгертуілері бойынша 2006 жылы 6 қантарда «Менің Қазақстаным» ҚР Парламентінде Қазақстанның Мемлекеттік Әнұраны болып бекітілді. 2006 жылы 11 қантарда Мемлекет басшысының салтанатты ұлықтау рәсімінде орындалды. Осы сәттен бастап «Менің Қазақстаным» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны ретінде ресми салтанатты жиындарда шырқалып келеді.

Қазақстанның бейресми әнұраны атанған Шәмші Қалдаяқовтың "Менің Қазақстаным" әнінің мәтіні аз кем өзгерілді. Мәтін авторы ретінде Н.Назарбаев өз ұсыныстарын енгізді. Ол алғаш рет Елбасын ұлықтау рәсімі кезінде орындалды.

ҚР Президентінің 2006 жылғы 7 қантарында Конституциялық заң күші бар Жарлығымен мемлекеттік рәміз – Әнұранның мәтіні мен оны ресми пайдаланудың рет жөні бекітілді. Сөзін жазғандар: **Жүмекен Нәжіменов, Нұрсұлтан Назарбаев**. Музыкасын жазған **Шәмші Қалдаяқов**. Әнұранның әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, Атамекенге деген шексіз берілгендей антарылса, сөзінен жан – дүниемізді таныттар ұлттық қасиетіміз бен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшагымыз, еркіндікке құштар кең көніліміз жақсы көрініс тапқан. Мемлекеттер басшыларының ресми кездесулері Әнұранның орындалуымен ашылады.

### **Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні**

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қараши!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

### Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Тұған жерім менің – Қазақстаным!

Ұрпаққа жол ашқан,  
Кең байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындей,  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындей!

### Қайырмасы:

Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Тұған жерім менің – Қазақстаным!